



ТАҒАЙЫНДАУ

ҒАҒУЗ НҮРМҰХАМБЕТОВ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ЛАУАЗЫМЫНА ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Олжас Бектенов депутаттарға Солтүстік Қазақстан облысының әкімі лауазымына Сәтжан Әйтеңулы Абдалиев пен Ғағуз Торсанұлы Нұрмұхамбетовтің кандидатураларын ұсыну туралы Қазақстан Республикасы Президентінің хатын оқып берді.

Ашық дауыс берудің нәтижесінде 56 депутат Сәтжан Абдалиевке, ал 118 депутат Ғағуз Нұрмұхамбетовке дауыс берді. Жиналысқа барлығы 174 депутат қатысты. Дауыс беру қорытындысы бойынша Президент Жарлығымен Ғағуз Торсанұлы Нұрмұхамбетов Солтүстік Қазақстан облысының әкімі болып тағайындалды.

Өңір активіне жаңа әкімді таныстырған Олжас Бектенов Ғағуз Нұрмұхамбетовтің орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда жауапты қызметтер атқарғанын және мол тәжірибесі бар екенін атап өтті.

Президент Әкімшілігінің басшысы өңірді дамытуға қосқан үлесі үшін бұрынғы облыс әкімі Айдарбек Сапаровқа алғыс айтты және оның басшылығымен аймақтағы агроөнеркәсіп кешенінің даму қарқыны артқанын, жаңа кәсіпорындар ашу, инвестиция тарту, туризм саласын ілгерілету бағытында ауқымды жұмыстар атқарылғанын жеткізді.

Сонымен қатар жиында Мемлекет басшысының биылғы 1 қыркүйектегі халыққа Жолдауында айтылған тапсырмаларына ерекше назар аударылды. Облыстың жаңа басшылығына өңір экономикасын одан әрі дамыту, тұрғындарды сапалы ауыз сумен және қажетті әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, медицинаны дамыту, сондай-ақ екіші ЖЭО-ны жөндеу жұмыстарына қатысты бірқатар міндет жүктелді.

Кездесу соңында Олжас Бектенов Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғағуз Нұрмұхамбетовтің жауапты қызметіне табыс тілеп, өңірді өркендетуге, өз үлесін қосатынына, облыс тұрғындары мен Мемлекет басшысының жоғары сенімін ақтайтынына үмітті екенін жеткізді.

«Құрметті солтүстікқазақстандықтар!

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Президент Әкімшілігінің Басшысы Олжас Бектенов Солтүстік Қазақстан облысының барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының жиналысына қатысты.



Президенттің жарлығымен бүгін Солтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындалды. Маған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үлкен сенім білдіріп отыр. Қолдау танытқан мәслихат депутаттарына алғыс айтамын. Мен бар тәжірибемді, білімім мен күш-жігерімді Президент жүктеген міндеттерді орындауға, облыс экономикасын дамытуға және тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға жұмсайтын боламын. Сіздермен бірлесіп атқарған

жұмыстың жемісті болатынына сенімдімін», - деді жаңадан тағайындалған облыс әкімі.

Ғағуз Нұрмұхамбетов 1968 жылдың 11 шілдесінде Қостанай облысы Қарасу ауданының Майский ауылында дүниеге келген.

1992 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтын «ғалым агроном» мамандығы бойынша, 2002 жылы Челябинск мемлекеттік университетін «заңгер» мамандығы бойынша, 2008 жылы Қостанай

инженерлік-экономикалық университетін «экономика бакалавры» мамандығы бойынша білім алған. Экономика ғылымдарының кандидаты.

Ғағуз Торсанұлы өзінің еңбек жолын 1985 жылы Қостанай облысы Комсомол ауданы «Мағнайский» совхозының № 1 бригадасының механизаторы болып бастады.

1992-1994 жылдары – Торғай облысы Октябрьский ауданы Вильямс атындағы совхоздың бас агрономы.

1994-1996 жылдары – Қостанай облысы Қостанай ауданы «Московский» совхозының бас агрономы.

1996-1997 жылдары – Қостанай облысы Комсомольский ауданы «Боскольское» КК директоры.

1997-2002 жылдары – Қостанай облысы Таран ауданының әкімі.

2002-2008 жылдары – Қостанай облысы Қарабалық ауданының әкімі.

2008-2009 жылдары – Қостанай облысы Қостанай қаласының әкімі.

2009 жылдан 2011 жылға дейін – Қостанай қаласы «Содружество» ЖШС бас директорының орынбасары.

2011-2012 жылдары – Қостанай облысы Әулікөл ауданының әкімі.

2012 жылдан 2014 жылға дейін – Қостанай қаласының әкімі.

2014 жылдан 2015 жылға дейін – Қазақстан Республикасы президенті Әкімшілігінің мемлекеттік бақылау және ұйымдастыру-аумақтық жұмыс бөлімінің мемлекеттік инспекторы.

2015 жылдан 2023 жылға дейін – Қостанай облысы әкімінің бірінші орынбасары.

2023 жылдың 25 қаңтарынан бастап – Қазақстан Республикасы парламенті сенатының депутаты, экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі болды.

2023 жылдың 23 қыркүйегінен бастап Солтүстік Қазақстан облысының әкімі болып тағайындалды.

ОРАҚ - 2023

Ауданда орақ науқанының қызған шағы. Қазіргі таңда өңірдің шаруалары әр ашық күнді тиімді пайдаланып, алтын астықты қамбаға уақытылы құйып алуды мақсат етіп отыр. Алайда, қолайсыз ауа райы көптеген қиындықтар тудыруда. Дегенмен, мағжандық диқандар бар күш-жігерін салып, алтын астықты ысырапсыз уақытылы жинап алуға тырысуда.

ОРАҚ НАУҚАНЫ ҚЫЗА ТҮСТІ

Ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің мәліметінше, ауданда 330,0 мың гектар алқапқа дәнді және бұршақты дақылдар өгілген, оның 282,6 мың га - бидай, 32,6 мың га - арпа, 3,3 мың га - сұлы, 1 мың га - астық қоспасы, 2 мың га - жасымдық, 5,9 мың га - бұршақ, 2,4 мың га - қарақұмық. Майлы дақылдарды жинау алаңы 90,9 мың га (9,4 мың га - қыша, 7,4 мың га - рапс, 73,0 мың га - зығыр, 1,1 мың га - күнбағыс) құрайды. Жемшөп дақылдары - 37,0 мың га алқапқа себілген. Ал көкөніс дақылдары мен картоп алаңы - 2,5 мың га құрайды.

28 қыркүйек күнгі жағдай бойынша жалпы егіс алқабының 259,9 мың гектары шабылған, соның ішінде 218,6 га - бидай, 31,1 га - арпа, 3,1 га - сұлы, 0,1 га - қарақұмық, 4,2 га - бұршақ, 1,9 га - жасымдық, 0,9 га - астық қоспасы. Бүгінгі күні дәнді және бұршақты дақылдардың 78,1 пайызы бастырылған, соның ішінде 218,6 га - бидай, 30,7 га - арпа, 2,9 га - сұлы, 3,6 га - бұршақ, 1,9 га - жасымдық, 0,6 астық қоспасы. Гектар бөрекелігі өзгіре - 9,5 центнерді құрап отыр.

Майлы дақылдар 52,7 мың га (8,6



мың га - қыша, 3,0 мың га - рапс, 41,1 мың га - зығыр) шалғы түсті, бұл 58,0 пайызды құрайды. Қазіргі кезде 38,8 мың га бастырылған, соның ішінде 7,6 мың га - қыша, 1,4 мың га - рапс, 29,8 мың га - зығыр. Орташа өнімділігі гектарына 4,3 центнерден шығып отыр.

Картоп алаңдарының 70 пайызы жиналған, ал көкөністердің 72 пайызы терілген.

Жалпы орақ науқанына аудан бойынша 760 техника жұмылдырылған, соның ішінде өнімділігі жоғары 346 комбайн, жемшөп жинайтын 20 комбайн, 559 тіркемелі дестелгіш, 291 жүк автокөлігі. Барлық шаруашылықтар жауапты кезеге 100 пайыз дайын, сондай-ақ жанар-жағармаймен толық қамтамасыз етілген.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ЕЛІМІЗГЕ ҚАНША ҚАНДАС ОРАЛДЫ?

2023 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша жыл басынан бері 16 026 этникалық қазақ тарихи отанына оралып, қандас мәртебесін алды. Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 123,2 мың этникалық қазақ оралды, деп хабарлайды Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі.



Жыл басынан бері Қазақстанға келген қандастардың жартысы (53,6%) Өзбекстаннан, 19,6% - Қытайдан, 10,9% - Моңғолиядан, 7,8% - Ресейден, 5,9% - Түрікменстаннан және 2,2% басқа елдерден.

Осы жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны 61,4%-ды, еңбекке қабілетті жастаң кінші 30%-ды және зейнеткерлер 8,5%-ды құрайды.

Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінде білім деңгейі бойынша 15,6%-ы жоғары білімді, 34,4%-ы орта кәсіби білімді, 41,2%-ы жалпы орта білімді.

Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңірлеріне қоныстанды.

Сонымен бірге қандастарды қоныстандыру үшін келесідей еңбек күші тапшы өңірлер анықталды: Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары.

Қоныстандыру өңірлерінде 2023 жылға арналған қандастарды қабылдау квотасы 1 925 адамды құрайды. 2023 жылғы 1 қыркүйектегі

жағдай бойынша қоныстандыру өңірлеріне 1 773 қандас қоныс аударды.

Жоғарыда аталған өңірлерде қоныстанған қандастарға көпше субсидия түрінде мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады - бір мезгілде отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (241,5 мың теңге) мөлшерінде; тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге - бір жыл ішінде 15-тен 30 АЕК (51,7-ден 103,5 мың теңгеге дейін) мөлшерінде.

Жыл басынан бері 918 қандасқа түрлі қолдау шаралары көрсетілді. Атап айтқанда, 493 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды, 918 адам біржолғы субсидия алды, ал 383 қандасқа тұрғын үй шығындары субсидияланды. Сонымен қатар ерікті қоныс аударудың тиімділігін арттыру мақсатында азаматтарды солтүстік өңірлерге қоныс аударуға қатысатын жұмыс берушілерді қолдау бойынша институционалдық шаралар қабылданды. Тұрғын үй сатып алу, салу үшін немесе ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін экономикалық ұтқырлық сертификаты тұрғын үй құнының 50%-ы немесе бір отбасына 4 млн теңгеге дейін мөлшерінде біржолғы өтеусіз және қайтарылмайтын негізде өнсізілді.

Естеріңізге сала кетейік, осы жылы пилоттық режимде Қазақстан елшіліктері арқылы «бір терезе» қағидаты бойынша қандас мәртебесін беру тетігі іске асырылды. Қанатқақты жоба шеңберінде елімізге бару, жұмыс орны, тұрғын үй беру мүмкіндіктері туралы мәселені шешуге және республика аумағына кірмей-ақ қандас мәртебесін алуға болады. Бүгінгі таңда республиканың шет елдердегі мекемелері арқылы этникалық қазақтардан жаңа форматта 2 037 өтініш (681 отбасы) қабылданды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ - АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

ЖАҚЫНДА ЖАС МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕКТЕБІНІҢ 9 МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

Мектеп қызметінің мақсаты - мемлекеттік қызметке белсенді және талантты жастарды тарту болып табылады.

Биылғы жылы осы мектепте оқуға түсу және оқу шарттары өзгерді. Қатысушыларды тіркеу жыл сайын қазан айында жүргізіледі. Тіркеу аяқталғаннан кейін қатысушылар департамент белгілеген 500 сөзден аспайтын тақырыптардың біріне эссе жазады. Эссеңің кадрлық қажеттіліктерді қалыптастырған мемлекеттік органдар бағалайды. Ең жоғары балл жинаған қатысушылар келесі кезеңге өтеді.

Мектепке түсу кезінде қатысушылар өндірістік практикадан өту үшін, сондай-ақ мемлекеттік органдардың жобалау жұмыстарына қатысу үшін өздерінің болашақ мамандығына сүйене отырып, оқу бағытын және мемлекеттік органды таңдауы тиіс, соңында мемлекеттік органның басшысы ұсыныммен бірге қатысушы туралы пікір береді.

Өндірістік практика басталғанға дейін қатысушылар ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында және оның филиалдарында дайындық бағдарламасынан өтеді. Дайындық бағдарламасы Мемлекеттік қызметке кіру үшін қажетті құзыреттерді арттыру курстарын қамтиды. Осы курстарда қатысушылар мемлекеттік органдарда өндірістік практика кезінде таныстыратын жобаларды әзірлейді. Дайындық бағдарламасы сәтті аяқталғаннан кейін Академияда

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша департаментінің жанында 2018 жылдан бастап жас мемлекеттік қызметшілер мектебі жұмыс істейді. Осы уақыт ішінде оның түлектері М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің жүзден астам студенті болды.



қатысушылар үшін мемлекеттік органдарда өндірістік практика ұйымдастырылады. Өндірістік практикадан өткеннен кейін білім алушылар мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген тәртіппен және шарттарда жеке қасиеттерін тестілеуден және бағалаудан

өтуі тиіс. Тестілеуден сәтті өткеннен кейін қатысушыларға оқуды аяқтағаны және таланттар пулына қабылданғаны туралы сертификат беріледі.

Таланттар пулы дегеніміз не? Бұл мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жанынан

құрылған Жас мемлекеттік қызметшілер мектебін сәтті бітірген адамдардың тізімі. Таланттар пулында болу мерзімі сертификат алған сәттен бастап 1 жылды құрайды.

Қатысушылардың Мемлекеттік қызметке таланттар пулына түсу тәртібі мен шарттары Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында айқындалады.

Таланттар пулына қабылданған адамдарды жұмысқа орналастыру мониторингін Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті жүргізеді.

Бүгінгі таңда жас мемлекеттік қызметшілер мектебіне түсу мен оқудың осындай шарттары бар.

Мектепке жоғары оқу орындары және техникалық кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері қатыса алады.

Мемлекеттік қызмет мектебі болашақта лауазымдық өкілеттіктерін орындау кезінде білімді толықтырудың және өз құқықтарын іске асырудың қосымша көзі болады.

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің және облыс колледждерінің бітіруші курс студенттерін мектепте оқуға және қосымша білім алуға шақырамыз, бұл болашақта еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде өте маңызды.

Жас мемлекеттік қызметшілер мектебіне және мемлекеттік қызметке түсу мәселелері бойынша 8(7152)46-58-08 телефоны бойынша хабарласуға болады. Біз Петропавл қ., Қазақстан Конституциясы к-сі, 38, 4 қаб. мекен жайында орналасқанбыз.

Гүлнар ЖУСАЛИНА,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі СҚО бойынша департаменті Мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

САЙЛАУШЫ СЕНІМІНЕ СЕЛКЕУ ТҮСПЕСІН

Осы орайда биылғы 19 наурызда алғаш рет пропорциялық және мажоритарлық жүйелер қатар қолданылып өткізілген Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар сайлауының да саяси мәні зор екендігін айтқан жөн. Өйткені елімізде қайтадан енгізілген бір мандатты округтер бойынша тіркелген депутаттыққа кандидаттар бұрын-соңды ұшыраспаған дәрежеде көп болды. Бұл – халықтың Мемлекет басшысы жария еткен саяси реформалар бағытына үлкен сенім артқандығының және оның Әділетті Қазақстан орнату идеясын шын пейілмен қолдағандығының нәтижесі екендігі даусыз. Алайда «Өп-өдемі өн еді, пұшық шіркін қор қылды» дегендей, сайлау үдерісіне кей өңір өкімдері заңсыз араласып, Мәжіліс пен мәслихат депутаттығына «өз адамдарын» өткізу үшін өкімшілік ресурстарды қолданғаны сайлаушылар сеніміне селкеу түсіргені анық. Себебі келеген облыстарда бәсекелестерін адам сенбестей айқын басымдықпен жеңген кандидаттардың «таңғаларлық жеңістері» өте күмәнді еді.

Бұл ретте Жезқазған қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Абзалбек Молақов: «Жезқазғанда сайлау науқанында сайлаушыларымен көп кездеспеген үміткердің депутат болып кеткені әлеуметтік желіде біраз талқыға түсті. Ол саяси науқаннан сәл бұрын ғана ірі кәсіпорынға тағайындалған басшы еді. Егер бұрыннан істеп келе жатқан, елге белгілі азамат болса бірсыры. Халық: «Өңірге белгілі адам неге депутат бола алмайды?», десті. Былай қарасаң, қысыған келетін уәж.

Екі жылдан бері жергілікті деңгейде өтіп жатқан ауыл өкімдері сайлауында да кімнің жеңетіні алдын ала белгілі болып жатады. Сайлаудағы келеңсіздіктер Президент бастамаларына келеңге түсіреді. Бірақ сын негізінен, жергілікті билікке бағытталғаны ақиқат. Сондықтан алдағы уақытта өткізілетін аудан және облыстық деңгейдегі қала өкімдерін сайлаудың әділетті өтуі бәрімізге байланысты. Сайлау әділ болмай, Әділетті Қазақстан да орнамайды», дейді.

Осы орайда Мемлекет басшысының сегізінші шақырылған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында: «Сайлау науқаны кезінде көптеген орынды сын, байлықты ұсыныс айтылды. Біз айтқан салмақты ұсыныстарды міндетті түрде зерделейміз. Біз Отанымызды өркендету жолында зор бетбұрыс жасап, жаңа дәуірге қадам бастық. Бірақ өзгерістер мұнымен бітпейді. Бұл – ұзақ жолдың басы ғана. Реформалар жүзеге аса береді, саяси құрылымды жетілдіру қажет. Бұл – аса маңызды жұмыс», деген сөзі елімізді сайлау жүйесінде әділ де оқы тұстар барын және оларды түзету қажеттігін

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформаларға сәйкес осыдан екі жыл бұрын ауыл өкімдерін сайлау енгізілген болса, енді алдымыздағы 5 қарашада алғаш рет қанатқақты режимде аудан мен облыстық маңызы бар қала өкімдерінің сайлауы өткізілмекші. Бұл – қоғамдық өмірді демократияландыру жолындағы кезекті де маңызды қадам.



білдіреді.

Біздің байқауымызша, орталық және жергілікті билік басында жүрген жоғары лауазымды тұлғалар өз іс-әрекеттерінде халқымызға аташылдық пен жершілдік сынды қоғамдық дерттер төн екендігін қаймағы ескеріп отырғандығы аңғарылады. Мысалы, Президенттің 2022 жылғы 8 маусымда қабылдаған «Облыс аумағында орналасқан мәслихаттар немесе республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттары депутаттарының облыс, республикалық маңызы бар қала және астана өкімі лауазымына тағайындалуға келісім беруі қағидаларын бекіту туралы» Жарлығына сәйкес Мемлекет басшысы облыс, республикалық маңызы бар қала және астана өкімі лауазымына кемінде екі кандидат ұсынаыны белгілі. Бір жылдан аса уақыт ішінде қалыптасқан тәжірибе өкімдікке кандидаттар ретінде орталықтан және жергілікті жерден екі басшы кадр таңдап алынатындығын және ашық дауыс беру арқылы барлық деңгейдегі мәслихаттар

депутаттарының көпшілігі орталықта басшылық қызмет істеген азаматты тағайындауға келісім беретіндігін көрсетіп отыр. Әдетте жергілікті жерден таңдап алынған кандидаттың беделі мен іскерлігі хәм «саяси салмағы» орталықтан ұсынылған артіпесіне қарағанда әлдеқайда төмен болып келеді. Әзірге бұл «дәстүр» бірде-бір рет «бұзылған» жоқ. Тіпті депутаттар арасында «негізгі кандидат» деген ұғым пайда болыпты. Мұның өзі қазір жұртшылықтың сынына ұшырап отыр. Демек, Мемлекет басшысының бастамасын бұрналау мен жершілдікке жол бермеу үшін екі лайықты үміткерді де орталықтан немесе жергілікті жерден іріктеп, мәслихат депутаттарының жабық дауыс беруі арқылы таңдау жасауын жолға қою қажет сияқты.

Ал өңір өкімдерінің Парламент Сенаты мен Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарына, сондай-ақ аудан өкімдерінің ауыл өкімдігін өздерінің «сенімді» адамдарын сайлауға тырысып жүргені жасырын емес. Кебінесе солай болып жатқаны да – қазіргі өмір шындығы. Соның салдары-

нан сайлаушылардың бір бөлігі еліміздің сайлау жүйесіне сенімі шамалы. Бұл ретте Орталық сайлау комиссиясынан бастап, аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының барлығының құрамын жаңарту, олардың мүшелігіне барлық саяси партиялардың өкілдерін тарту сияқты ұсыныстар айтылып жүргенімен, мұндай шаралардың тиімділігі шамалы деп санаймыз. Себебі ресми тіркелген сенім селкеусіз емес, өрі олардың қайсыбірінің өңірлердегі мүшелерінің саны мүлдем аз. Тіпті шалғайдағы ауылдарда «Атапай»-тан басқа партияның бастауыш ұйымы түгіл, бірде-бір мүшесі жоқ.

Біздіңше, қай сайлауды болсын әділ өткізу үшін француз императоры III Наполеон айтқандай-мыс, «дауыс қалай берілгендігі маңызды емес, қалай саналғандығы маңызды» екендігін ескерген жөн. Сондықтан біріншіден, көршілес Қырғызстан сияқты сайлау жүйесі озық елдердің тәжірибесіне сүйеніп, дауыс берудің үш форматын – электрондық әдісті, қағаз бюллетенді және биометриялық технологияны қатар қолдануды енгізу өте қажет. Өйткені бұл жүйе дауыс берудің әділдігін қамтамасыз етіп, оған еш күмән туғызбайды. Екіншіден, дауыс беру барысында әртүрлі құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында дауыс беретін орындарға бейнебақылау орнатпай болмайды. Үшіншіден, өкімшілік ресурсты қолданғаны үшін шенеуніктерге мейлінше қатаң жаза белгілеген жөн. Төртіншіден, кандидаттардың сайлаушылардың дауыстарын сатып алғаны үшін де қатаң жаза қолдану қажет. Егер осындай шаралар кешені қабылданбаса, кез келген сайлау қанша әділ өткізілсе де, оның қорытындысымен келіспей, дау-дамай тұраушылар табылатыны анық. Мұны да халықаралық тәжірибе көрсетіп отыр. Тағы бір маңызды жайт – алдағы уақытта сайланатын аудан және облыстық маңызы бар қала өкімдері жоғары жаққа жалтатпай, өздерін сайлаған жергілікті тұрғындардың игілігі жолында барынша дербес жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызса қажет. Бұл үшін, ең алдымен, олардың қолында қомақты қаражат болуға тиіс. Осыны ескерген Мемлекет басшысы биылғы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауында: «Аудан өкімдеріне жергілікті бюджетті басқару құқығын берген жөн деп санаймын. Бұл, ең алдымен, сол жердегі мәселелерді жедел шешу үшін қажет», деп атап айтты. Осыған орай, Үкімет Бюджет кодексіне тиісті өзгеріс енгізу туралы заң жобасын әзірлеп, Мәжілістің қарауына енгізу ісін кешіктірмегені жөн.

Керібай МҰСЫРМАН.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫНЫҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ ТӨРТІНШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Т.А.Ә.	Қабылдау күні, уақыты	Қабылдау орны
Кляйн Николай Юрьевич	Әр айдың екінші сейсенбісі, сағ. 11.00 бастап 13.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті, алдын ала жазылу 8(71531)21996 телефоны арқылы

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ ТӨРТІНШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

p/c №	Т.А.Ә.	Қабылдау күні, уақыты	Қабылдау орны
1	Рахметова Айзада Нұрланқызы	Әр аптаның екінші жұмасы, сағ. 15.00 бастап 18.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті
2	Баранов Юрий Олегович	Әр айдың үшінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті
3	Бәкіров Еркем Жәңгірұлы	Әр айдың бірінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті
4	Шәрімов Нұржанат Сабырұлы	Әр айдың екінші бейсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті
5	Крот Олег Степанович	Әр айдың бірінші дүйсенбісі, сағ. 10.00 бастап 15.00 дейін	Бастомар а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті сағ. 10.00-11.00; Александровка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00; Возвышенка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00
6	Хайдарова Жәния Абайқызы	Әр айдың бірінші дүйсенбісі, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін	Қарақоға а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті
7	Елубаев Сатыбек Фазылұлы	Әр айдың екінші сейсенбісі, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін	Надежда а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00; Чистов а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00
8	Сағындықова Гүлбану Төлегенқызы	Әр айдың соңғы сәрсенбісі, сағ. 12.00 бастап 17.00 дейін	Конюхов а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00; Октябрь а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00; Лебяжье а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 16.00-17.00
9	Серапинов Алмас Уәлиұлы	Әр айдың екінші сейсенбісі, сағ. 10.00 бастап 15.00 дейін	Таман а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00; Молодогвардейское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00; Ұзынкөл а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00
10	Әбілмәжінов Төлеген Әлжанұлы	Әр айдың екінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 15.00 дейін	Полтавка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00; Жастар а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00; Совет а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00
11	Қойшыбеков Дәурен Бауыржанұлы	Әр айдың бірінші жұмасы, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін	Бәйтерек а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00; Полудин а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

BLOCKCHAIN ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ПИЛОТТЫҚ ЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛА БАСТАДЫ

Мемлекеттік корпорация Blockchain технологиясын қолдана отырып, құқық ауыртпалығын (кепілді) мемлекеттік тіркеуді жүргізу бойынша пилоттық жобаны іске асырды.

Blockchain - бұл желі мүшелерінің барлық транзакциялары туралы ақпаратты "блокчейн" түрінде сақтайтын таратылған мәліметтер базасы.

Бүгінде екінші деңгейдегі банкердің мүлкіті кепілге қою шартын тіркеуші органға электрондық түрде жіберу мүмкіндігі бар, яғни ХҚКО-ға бару кезеңі алынып тасталады.

Blockchain технологиясын қолдану үшінші тарапты тартпай-ақ екіжақты мәмілелердің қауіпсіздігін іске асырудың кепілі болып табылады және банкердің несиелерді онлайн ресімдеу бөлігінде жылжымайтын мүлік кепілімен кредиттер беруді жеңілдетеді.

Біздің жағдайда кепіл шарттарын тіркеу процесін "цифрландыру" тіркеу мерзімдерін 3-тен 1 күнге дейін қысқартуға, құжаттар пакетін-4-тен 1 құжатқа дейін қысқартуға мүмкіндік береді, шығындарды азайтады, клиенттерді қағаз жинаудан және ХҚКО-ға жүгінуден босатады, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушімен жеке байланысын болдырмайды, бұл деректерді үшінші тұлғаларға беруден қорғауды қамтамасыз етеді.

Blockchain технологиясын қолдана отырып, жылжымайтын мүлікке ауыртпалықтарды (кепілді) тіркеу бөлігінде банктен бірлесіп іске қосылған "жылжымайтын мүлікке құқықтарды

(ауыртпалықтарды) және онымен мәмілелерді мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша жоба электрондық тіркеуге жатады.

Электрондық тіркеу-бұл құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесі арқылы тіркеуші органға келіп түсетін құқық белгілейтін құжаттардың электрондық көшірмелері негізінде жүзеге асырылатын тіркеу.

Мемлекеттік корпорация ЕДБ қатысушыларының құрамын және blockchain технологиясын қолдана отырып, кепілдерді тіркеу жөніндегі қызметтердің кіші түрлерін кеңейту бойынша жұмысты жалғастыруда.

Банк арқылы берілген кепіл бойынша өтінімдер өңделді және тіркелді, құқық иеленушінің жеке кабинетіне хабарламаны міндетті түрде жіберумен байланысты Egov.kz.

Жылжымайтын мүлікке ауыртпалықты тоқтатуды тіркеу қызметі солтүстік қазақстандықтар арасында ең суранысқа ие қызметтердің бірі болып табылады. Ағымдағы жылдың 8 айында Blockchain технологиясын қолдана отырып, кепіл бойынша "Народный банк Казахстана" АҚ, "Отбасы банк" АҚ, Фридом Финанс банкі арқылы 830 электрондық өтініш тіркелді.

Анар ҚҰСАНОВА,
«Азаматтарға арналған үкімет»
мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ
СҚО бойынша PR-менеджері.

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІНІҢ КҮЗЕТ АЙМАҚТАРЫНДА ӨЗ БЕТІНШЕ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ЖОЛ БЕРМЕУ

«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті» ММ (бұдан әрі – Департамент) электр беру желісінің күзет аймағында осы желілер иесінің келісімінсіз қандай да бір жұмыс түрлерін орындау өкімшілік жауаптылыққа өкеліп соғатынын хабарлайды.

Мысалы, 2023 жылғы 15 қыркүйекте Департамент «ASK – Sunrise» ЖШС қатысты 10 кВ кабельдік желінің бұзылуына байланысты өкімшілік іс қозғады. «Өкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 2 - бөлігінің 302-бабына сәйкес «ASK-Sunrise» ЖШС 51 750 теңге қысқартылған өндіріс төртбімен айыппұл салынды. 2023 жылдың басынан бастап Департамент 103 500 теңге сомасына электр беру желілерінің күзет аймағында жұмыс істеу қағидаларын бұзу бойынша 2 өкімшілік іс қозғады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, электр желілерінің жұмысын бұзуы, олардың зақымдалуына немесе электр энергиясын тұтынушылардың ішкелуіне өкел соғуы мүмкін іс-әрекеттерді болдырмау, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірер электр желілері объектілерінің күзет аймақтарын белгілеу қағидаларының талаптарын және осындай аймақтардың шекараларында орналасқан жер учаскелерін пайдаланудың ерекше шарттарын



сақтау өте маңызды. Тұтынушыларды үздіксіз және сапалы электрмен жабдықтау департаменттің басты міндеті болып табылады. Сондықтан Департамент күзет аймақтарындағы жұмысты иелерімен (энергия беруші ұйымдармен немесе ЖАО) келісу және мынадай мәндерді ұстану қажеттігін еске салады: көрнеуі 1 кВ дейінгі өуе желілері үшін күзет аймағы 2 метр, көрнеуі 20 кВ — 10 метр, 35 кВ — 15 метр, 110 кВ-20 метр, 220 кВ-25 метр және 500 кВ-30 метр.

Департамент Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарын үздіксіз және сенімді электрмен жабдықтау үшін жоғары вольтты өуе және кабельдік электр беру желілерінің тұтастығын сақтау мақсатында жоғарыда аталған ережелерді сақтауға шақырады, өйткені әлеуметтік маңызы бар объектілердің жұмысын және жеке, заңды тұлғалардың тіршілігін қамтамасыз ету және олардың мүлкінің сақталуы электр энергиясына тәуелді.

Николай БОРИЛОВ,
ҚР ЭМ АЗҚБК СҚО бойынша АД
басшысы.

МАМАН КЕҢЕСІ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИМПОРТТАУШЫЛАР МЕН ЭКСПОРТТАУШЫЛАР ҮШІН БЕЛАРУСЬ РЕСПУБЛИКАСЫНАН АЯҚ КИІМ ТАУАРЛАРЫНЫҢ ИМПОРТЫ МЕН ЭКСПОРТЫ ЖЕҢІЛДЕТІЛДІ

2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Беларусь Республикасы мен Қазақстан Республикасының data matrix кодымен таңбаланған аяқ киім бұйымдарын Қазақстанға әкелуге және айналымаға енгізуге, сондай-ақ, ЕАЭО кодтарды өзара таңудың арқасында тауарларды Қазақстаннан Беларусь Республикасына экспорттау үрдісі жеңілдетілді.



Айта кету керек, бұрын таңбалау кодтарын тану уақытша схема бойынша жүзеге асырылса, кодтарды тандудың жаңа әдісі қазақстандық импорттаушылар мен экспорттаушылардың жұмысын жеңілдетеді, осылай ол трансшекаралық сауда мүмкіндіктерін дамытады.

Естеріңізге сала кетейік, Беларусь Республикасында 2020 жылдың 1 шілдесінен бастап аяқ киімді таңбалау және қадағалау міндетті болып табылады және таңбаланбаған аяқ киімнің айналымына тыйым салынады. Елдер арасындағы өзара танылған таңбалау кодтары барлық қазақстандық аяқ киімді импорттаушыларға Беларусь таңбалау кодтарымен таңбаланған өнімді Қазақстандағы айналымға шығаруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, барлық қазақстандық өндірушілер мен аяқ киім экспорттаушыларына таңбаланған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында қосымша шығындарсыз, тек қазақстандық деректер кодының матрицасымен таңбаланған тауарды айналымға шығаруға мүмкіндік береді.

Қазақстанда 2021 жылдың 1 қарашасынан бастап аяқ киім өнімдерін міндетті түрде таңбалау енгізілді, ал 2023 жылдың 1 сәуірінен бастап таңбаланбаған аяқ киімді сатуға тыйым салынды.



Қазір қаламызды қауіпсіз әрі өмір сүруге жайлы ету мақсатында көптеген жұмыстар атқарылуда. Қала әкімінің айтуынша, 2023 жылы Булаев қаласының жолдарын жөндеу жұмыстарына 183,6 млн. теңге бөлінген екен.

- Бүгінгі таңда ұзындығы 1,6 шақырым Шоқан Уәлиханов көшесі бойынша жолды реконструкциялау аяқталып, оған жалпы 30 млн. теңге бөлінген. Жөндеуді мердігер ұйым - «Коммуналстройсервис» ЖШС өткізді. Жұмыстар аяқталған соң, тексеру барысында 5 жерден жынысөзек таңдап алынып, барлығы нормаларға сәйкес келді. Жобаның жалпы құны - 279,2 млн. теңге. жұмыстарды орындау нәтижесінде жоба құнынан 20,5 млн. теңге үнемделді, ол қаражат қайтарылатын болады.

Абай Құнанбаев пен Береговой көшелерін орташа жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жолдың ұзындығы - 2,7 шақырым, ал жобаның құны - 155,1 млн. теңге. Жоба жаңа материалды қосып жонғылауды және асфальттауды көздейді. Қабаттың қалыңдығы - 6 см құрайды, плиталармен қапталған учаскелерде асфальттың тегістеу қабаты ірі түйіршікті асфальттан болса, асфальттың жоғарғы қабаты 4 см ұсақ түйіршікті асфальттан төселген. Сондай-ақ құм-киршық тас қоспасына сараптама жүргізіліп, материалдар нормаларға сәйкес келетіні анықталды.

Сонымен қатар, ағымдағы жөндеу аясында 7,4 шақырым жолдарға қиыршық тас төселді, атап айтқанда: Старо-Лесная (1 км), Ново-Лесная (1 км), Никулин (1,2 км), Элия Молдағұлова (0,4 км), Королев (0,5 км),

ҚАЛА КЕЛБЕТІ КӨРКЕЮДЕ

21 қыркүйек күні аудандық Мәдениет үйінде Булаев қаласының әкімі Азамат Қыраубаев тұрғындармен кездесу өткізіп, қаланың абаттандыруы бойынша бағдарлама жасады.

Королев оралымы (0,4 км), Мұхтар Әуезов (0,4 км), Ново-Целинная (0,4 км), Ыбырай Алтынсарин көшесі (0,4), Заготскот көшесі (0,5 км), Кирпичная көшесі (0,2 км), Пионерская көшесі (0,3 км) және Медвежка ауылындағы Лысенко көшесі (0,4 км), Зеленая көшесі (0,3 км). Осы мақсаттарға бюджеттен 17 млн. теңге бөлініп, 0-40 фракциялы 2100 тонна қиыршық тас сатып алынды.

Ал шұңқырларды жөндеуге келетін болсақ, «Грандо» ЖШС мердігер ұйымы Попов көшесіне (Булаев мектеп-балабақша-бөбекжай көшесіне кіреберіс - 0,15 км), Дорожная көшесіне (0,6 км), Целинная көшесіне (2 км) жөндеу жүргізді.

Жалпы, 2023 жылы қала көшелерінің 14,4 шақырымы жөнделіп, асфальт және қиыршық тас төселген жолдардың үлесі 39%-ға дейін жеткізілді, - деді қала әкімі баяндамасын аяқтап.

Содан кейін қала тұрғындарының тарапынан айтылған ұсыныс-пікірлерді Азамат Жаңбырбайұлы мұқият тыңдап, барлығына жауап берді. Мәселен, Абай Құнанбаев пен Береговой көшелеріне жаяу жол салына ма деген сұраққа әкім жоба бойынша мұндай жұмыстар қарастырылмағанын жеткізді. Сондай-ақ ол жаңа асфальт салынған жолдарға «жасанды тегісіздік», «жылдамдықты шектеу», «жаяу жүргіншілер

өткелі» сияқты жол белгілерін орнату, көше жарығын өткізу, су ағызу жыраларын салу мен ескі ағаштарды кесу жұмыстары қолға алынғанын айтты.

Кездесуде қалалықтар су колонкалары мәселесін де көтерді.

- Соңғы жылдары қала көшелеріндегі су колонкаларын азайту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Өйткені біз барлық колонкаларды бақылай алмаймыз. Кейбір тұрғындар таза ауыз суды жеке мақсаттары үшін, соның ішінде бау-бақша суару үшін пайдаланатыны жасырын емес. Соның нәтижесінде «Булаев су» ЖШС «Есіл су» ұйымының алдындағы қарызының ұлғаюына алып келеді. Осыған қол бермеу үшін біз тұрғындардың үйге су тартуы үшін жағдай жасап, таза ауыз суды жақын жерден тарту үшін көшелерге, жол қиылыстарына арнайы құдықтар орнатып жатырмыз. Бюджет қаражат есебінен қойылып жатқан құдықтардан ондаған үйлер су тартуға мүмкіндік алып отыр. Осылайша, біз біртіндеп су колонкаларының санын қысқарта отырып, таза ауыз сумен қамтылған үйлердің санын көбейтеміз.

Барлық абаттандыру істеріне бюджет қаражаты қажет. Бір күнде бәрін жасап тастау мүмкін емес. Оны дұрыс түсінуіміз қажет. Дегенмен, бүгінгі күні жасалынып жатқан жұмыстар қала тұрғындарының

қолайлы өмір сүруіне бағытталып отыр, - деді Азамат Қыраубаев.

Тұрғындардың Энергетиков, Чехов және басқа да көшелерді жөндеу сұрағына әкім келесі жылға 9 көшені жөндеуге бюджеттік өтінім берілгенін атап өтті. Сонымен бірге, кездесу барысында қаладағы қоқыс жәшіктерінің мәселесі де бүгін өзекті екенін көрсетті.

- Жауапкершілігі төмен тұрғындар қоқыс жәшіктеріне жуынды төгіп, ағаш кесінділерін, құрылыс материалдары мен ескі жиһаздарды салып, толтырып тастайды. Бұл, әрине, дұрыс емес. Көшелерде тұрған жәшіктер тек қоқыс салуға арналған. Үйінің жанында тұрған жәшіктерден қоқыстар шашылып жатқанын ешкім қаламайды. Кейбіреулері қоқыс жәшігін алып тастауды сұраса, басқалары керісінше, қосымша жәшік қоюды өтінеді. Осыған, қалалықтарды түсіністікпен және жауапкершілікпен қарауға шақырамын. Өйткені оны арнайы адамдар жинап, тіркемеге артып, қатты тұрмыстық қоқыстар полигонына тасиды. Олардың еңбегін де бағалауымыз керек, - деді Булаев қаласының әкімі.

Халықтың айтқан әрбір ұсынысын үнемі назарда ұстап, олардың оңтайлы шешілу жолдары қарастырылатынын жеткізген қала әкімі Азамат Қыраубаев кездесуді қорытындылай келе, қаланың гүлденуі - тұрғындардың патриотизмі мен белсенділігіне байланысты екенін қадап айтты. Ендеше, туған жерге, көркейіп келе жатқан қаламызға жанашырлықпен қарап, қамқорлық таныту - перзенттік парымыз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

СПОРТ

МЕРЕКЕГЕ АРНАЛҒАН МАРАФОН

25 қыркүйек күні Булаев қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметкерлері арасында «Еңбек күні» мерекесін мерекелуге арналған марафон ұйымдастырылды.



Марафонда 80-ге жуық қатысушы бағын сынап, олардың арасында аудан әкімінің орынбасары Азамат Шөріпов бастаған мекеме басшылары да болғанын атап өткен жөн. Полиция қызметкерлері жол қауіпсіздігін қамтамасыз етсе, ақ халатты абзал жандар қатысушылардың денсаулығын қадағалады. Ал аудандық Мәдениет үйінің ұжымы қатысушылардың көңіл күйін көтеріп, колонкалар арқылы әуенді әндер жібберді.

Қатысушылар жарыс ережесі бойынша екі жас санатына бөлінді: бірінші санат - 35 жасқа дейінгілер, ал екіншісі - 35 жасстан асқандар. Әйелдер үшін қашықтық - 800 метрді құраса (бағыт - Абай-Киреев-Батыр Баян-Чкалов-Береговой-Киреев-Абай көшелері бойынша), ерлер үшін қашықтық - 2500 метр (бағыт - Абай-Киреев-Батыр Баян-Комаров-Береговой-Киреев-Абай көшелері бойынша) болып белгіленді. Жүгіру - ең қолжетімді спорт түрі. Дене

бітіміне қарамай, онымен көз келген адам айналыса алады. Жүгіру, ең алдымен, бүкіл ағзаның жұмысын жақсартыды. Жүрек-қан тамырларынан бастап, қан айналымы, тыныс алу, бұлшық еттердің жұмысын нығайтады. Адамның мінез-құлқына да әсері көп, көтеріңкі көңіл күй мен күні бойы энергия сыйлайды. Жүгіру - ең қолжетімді спорт түрі. Шектеулер мен кедергілерді ысырып, дұрыс жүгіре болсаңыз, аталған спорт белгілі ауа райы

мен орын талғамайды. Дұрыс жүгірсеңіз, ағза қуанады. Бірақ мөлшерінен асып, өзіңізді қинап жіберуге де болмайды. Төпе-теңдік сақталуы керек. Ал жарыс қорытындысына келер болсақ, барлық қатысушылар мәре сызығын кесіп, көздеген мақсаттарына жетті.

35 жасқа дейінгі топта жастар арасында 1-ші орын - Баранов Рустам (кәсіптік даярлау және қызмет көрсету колледжі) жеңіп алса, 2-ші орынды Сүлейменов Сайран (№2 Булаев орта мектебі), ал 3-ші орынды Өстеміров Үсен (Булаев қаласының әкімдігі) иеленді.

35 жасстан асқан ерлер арасында Суханов Сергей (Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы) жеңімпаз атанса, Блажко Евгений (Булаев мектеп-балабақша көшесі) мен Исмағұлов Ермек (балалар-жасөспірімдер спорт мектебі) 2-ші және 3-ші орындарды бөлісті.

35 жасқа дейінгі әйелдер арасында Пузикова Элона (кәсіптік даярлау және қызмет көрсету колледжі) топ жарса, 2-ші орын - Фадеева Валентинаға (Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы) бұйырды, ал Конехова Татьяна (орталық аудандық аурухана) 3-ші орынды қанағат тұтты.

35 жасстан асқан әйелдер арасында Разина Вера (№2 Булаев орта мектебі) мәре сызығын бірінші болып кесті, Лысенко Маргарита (Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігі) 2-ші орыннан көріне, Шөрішова Салтанат (аудандық Мәдениет үйі) жүлделі 3-ші орынды ұтып алды.

Мағжан Жұмабаев ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі ұйымдастырған марафон соңында марапаттау рәсімі өткізіліп, жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломмен және медальдармен марапатталды, сондай-ақ барлық қатысушыларға арнайы қатысушы қағазы табысталды.

Марафонның барлық қатысушыларына зор денсаулық және спорттық жетістіктер тілейміз!

Жанат ӘУБЕКІРОВА,
Мағжан Жұмабаев ауданы
дене шынықтыру және спорт бөлімінің
басшысы.

СІ ҚАЗАН – ҚАРИЯЛАР МЕН МҮГЕДЕК ЖАНДАРДЫ ҚОЛДАУ АЙЛЫҒЫ

«ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ» АЙЛЫҚ АКТИВІСІНА ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРАМЫЗ



Құрметті қазақстандықтар!

1 қазан - Халықаралық қарттар күні жақындап келеді. Бұл күн біздің аға буынға ризашылығымызды білдіріп, шынайы көңіл бөлуімізге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың қажеттіліктеріне назар аударуға жақсы себеп. Қарияларды қолдау, оларға қамқорлық көрсету аға буынға керсеткен парызымыздың аз ғана бөлігі. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен жылдар бойы елімізде қазан айы «Қарттарға қамқорлық» акциясына ұласып келеді.

Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақылын

тыңдап, алдынан кесе көлденең өтпеген. Елімізде қарт адамдарға деген қамқорлық жыл сайын артуда. Жасының егде тартуына, денсаулығының сыр беруіне байланысты қарттардың көптеген шешілмеген мәселелері туындайтын билісідер, сондықтан оларға қолдау көрсету туған-туыстары мен барша қоғамның міндеті.

Мемлекетіміз қарт адамдарға деген қамқорлықты экономикалық дағдарыс кезінде де тоқтатқан емес. Дегенмен, елімізде әлі де болса әлеуметтік көмекке мұқтаж егде адамдар бар.

Кейбір қариялар жасы ұлғайған шағында жан жылуы пен мейірімге зару. Барлық қазақстандықтарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылым өкілдерін, аға буынның ел игілігіне қосқан еселі еңбегін ұлықтауға, «Қарттарға қамқорлық» айлық акциясына атсалысуға шақырамыз.

Республикамыздағы атқарушы органдарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылымдарын, еріктілерді, қарияларға әсіресе мүгедек ардагерлерге, жалғыз басты зейнеткерлерге, аз қамтылған қарттарға арнайы көңіл бөлуге үндеміз. Оларға материалдық тұрғыдан қол ұшын созуға, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларына қолдау көрсетулеріңізді сұраймыз.

Өз елінің патриоттық ретінде акцияға бей-жай қарамайтын азаматтар жергілікті әкімдіктермен, өңірлік ардагерлер кеңестерімен байланысқа шығып үлес қосады деген үміттеміз.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі.

ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

Қарт адамдар мен мүгедектігі бар адамдарға қолдау көрсету айлығы қарсаңында Сіздерден облыс тұрғындарының аға буын өкілдері мен мүгедектігі бар адамдарға қолдау көрсету жөніндегі қайырымдылық науқандарына қатысу сияқты қалыптасқан игі дәстүрді қолдауды, бүкіл өмірін еліміздің болашағына арнаған адамдарға құрмет көрсетуді сұраймыз.

Қарттарға, егде адамдарға қамқорлық жасау туралы еш уақытта ойымыздан шығармау керек. Қарттар күнінде оларға барынша көңіл бөліп, қамқорлық жасау керек.

1 қазан мен 1 қараша аралығында барлық солтүстікқазақстандықтарды қарттар мен мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау айлығын қолдауға

шақырамыз.

Сіздерге алдын ала алғыс айта отырып, қарттарды қолдау жөніндегі науқанға белсенді түрде ат салысады деп үміттенеміз.

Айлық нәтижесі Сіздің азаматтық ұстанымыңызға байланысты болмақ!

Ұйымдастыру комитеті.

ҚАРИЯЛАРЫМЫЗ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМЫЗ

Біздің елімізде ежелден қалыптасқан дәстүрге сай қариялар ерекше қамқорлыққа бөленген және бұл үрдіс жалаасын тауып келеді. Кейінгі жылдары ардагерлер ұйымдарының бастамасымен қарт адамдарды қолдаудың айлығы өткізіліп, 1 қазан – Қарттар күні бүкілхалықтық мереке ретінде кеңінен аталып өтіледі.



Қарттар күні – бұл барша ұрпақтың тамаша мерекесі. Өйткені, барлық заманда қарияларға – асыл қазынамызға ерекше шықпаспен қарап, олардың баға жетпес ақыл-кеңестеріне, даналық сөздеріне құлақ асып, өмірлік тәжірибелеріне сүйеніп келеміз.

Бұл күн – сондай-ақ, әкелеріміз бен аналарымыздың, соғыс және еңбек ардагерлерінің, зейнеткерлердің, аға ұрпақтың барлық өкілдерінің туған ауданымызды өркендетуге қосқан үлесін, жанқиярлық ерен еңбегін, фашизмді жеңген тарихи жеңісін еске алып, бас июдің тамаша мүмкіндігі. Олардың көпшілігі жастарына қарамастан белсенді өмірлік ұстанымын сақтап, өндірістегі жұмыстарын жалғастырып, жас ұрпақты тәрбиелеуге қатысып келеді.

Аудандық ардагерлер кеңесі меншік иесіне қарамастан барлық кәсіпорындар мен ұйымдар, мекемелер басшылары, атқарушы билік органдарын, кәсіпкерлерді бастауыш ардагерлер ұйымымен бірлесіп отырып, еңбек ардагерлеріне, мүгедектерге, жалғызділікті қарт азаматтарға бүкілхалықтық мерекелік шаралар аясында қолдан келгенше материалдық көмек көрсетіп, моральдық қолдау шараларын өткізуге шақырды. Соңынан орай, ұйымдастыру комитеті үндеу жасап, ал аудандық «Мағжан Жұлдызы» мен «Весті» газеттерінде басылып шықты.

Соның нәтижесінде аудандық әкімдік пен ардагерлер кеңесі аудан бойынша бірқатар игі істерді жоспарлап, 1-ші қазаннан 1-ші қарашаға дейін жалғасатын қарияларды және мүгедек жандарды әлеуметтік қолдау айлығын өткізуге арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеп, бекітіп отыр.

Соларға назар аударсақ, аудан әкімінің аппараты Булаев қаласы мен ауылдық округ әкімдіктеріне, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөліміне зейнеткерлер мен мүгедектігі бар адамдардың, жалғызбасты және жалғыз тұратын адамдардың мұқтаждық дәрежесін, оның ішінде қыста отынмен, қосалқы шаруашылыққа арналған жеммен, тұрғын үйді жөндеумен және т. б. анықтау үшін аула аралауды ұйымдастыруды, зейнеттақының ең төменгі мөлшерін алатын жалғызбасты қарттарға ерекше назар аудару отырып, әрбір зейнеткер бойынша көмектің нақты түрін және оны беру мерзімдерін белгілеуді тапсырды.

1-10 қазан аралығында Булаев қаласында және әрбір ауылдық округте зейнеткерлер мен мүгедек адамдарды шақыра отырып, салтанатты жиналыс, концерттік бағдарлама, сондай-ақ «Табиғат сыйлықтары» көрмесін

өткізу, сондай-ақ айлық кезінде атаулы қолдау көрсету бойынша 4 деңгейлі бағдарлама шеңберінде жалғыз тұратын зейнеткерлер мен мүгедектігі бар адамдарды қолдау, кәсіпорындардың, шаруашылық объектілері мен ұйымдардың басшыларына бекітілген жалғызбасты зейнеткерлер мен мүгедектігі бар адамдарға атаулы әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі ұйымдастыру жұмысын күшейту, егде жастағы адамдар мен мүгедек адамдарды әлеуметтік қолдау айлығын өткізуге қатысу үшін ауыл шаруашылығы құрылымдарымен жұмыс жүргізу, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне нарықтық бағадан төмен бағамен ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін ұйымдастыру, 3-15 қазан аралығында медициналық-әлеуметтік мекемелерде «Ашық есік күні» ұйымдастыру, әлеуметтік қорғау жүйесін дамытуға үлес қосқан белсенділерді құрмет көрсету, зейнеткерлер мен медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын мүгедектігі бар адамдарға демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуді ұйымдастыру, ұзақ жасап отырған мерейтой иелерін құттықтауды көздейтін «Қасыр құрдасы» акциясын ұйымдастыру, ескелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеуге арналған тақырыптық сабақтар өткізу, тәіл еңбеккерлерінің, зейнеткерлердің және дәрігерлік көмекке мұқтаж мүгедектігі бар адамдардың үйіне барып тексерулер өткізу, қажет болған жағдайда үйде немере стационарларда тегін емделуді ұйымдастыру, Петропавл қаласының көрікті жерлерін аралауға арналған саяхат, облыс орталығындағы театрларға бару, мектептердің оқушыларын, колледждердің студенттерін жалғыз тұратын зейнеткерлер мен мүгедектігі бар адамдарға қамқорлық жасауға және ерікті жұмысқа тартуға бағыттау, зейнеткерлер арасында тоғыз құмалақ, шахмат, добы, дартс, үстел теннисі бойынша аудандық жарыс өткізу жоспарланған.

Қарттар күнін атап өтудегі басты мақсат – аз қамтамасыз етілген қарт адамдарға, жалғызбасты қарт зейнеткерлер мен қарт мүгедектерге көңіл бөлу, оларға материалдық, әлеуметтік-тұрмыстық және басқа да көмек турлерін көрсету. Бұл күн біздің елімізде ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінде қарттарға арналған мерекелік іс-шаралар өткізіліп, ересектер тарапынан қарияларға көмек көрсетілетін алауан түрлі жобалар ұйымдастырылып, мемлекет арнайы жәрдемақылар тағайындайды.

Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының жіктеуіне сәйкес, қарт адамдарға 60-74 жас, көрілерге 75-89 жас аралығындағылар, ал, ұзақ жасаушыларға жасы 90-нан асқандар кіреді.

Қария – ағып жатқан дария, телегей теңіз іспеттес. «Қарты бар елдің қазынасы бар» деген асыл сөзді халқымыз бекер айтпаса керек. Ел қазынасын, қариясын жоғалтса, қасиеті жоғалары анық. Қазыналы қартын «жазлып қойған хатына теңеген» халқымыз үлкенге деген құрметке сызат түсіріп, кемшілік жібермеуге шақырғанын біле отырып, қарияларымызды мерекесінде ғана емес алмай, әрқашан жүйрейі. Мұның тәрбиелік мәні зор. Жалғыз есіп келе жатқан жас ұрпақ алдыңғы толқын ағалардың еңегелі ісін бойына сіңірсе – еліміздің ертеңі жарқын болады. Қариясын сыйлап, төбесіне кетерген елден қасиет-кие деген айналып өткен емес. Сондықтан қай кезде де халқының тілеуін тілеп, жұртына қамқор болатын қарттарымыз арқашан аман болсын дейміз!

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ЕҢБЕК АДАМЫ

ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Ауыл шаруашылығы саласы қоғамдағы маңызды салалардың бірі болғандықтан, осы салада маңдай терімен табанды еңбек етіп жүрген ауыл еңбеккерлерінің де қоғамдағы рөлі ерекше. Олардың ерен еңбегі жастарға арқашан үлгі-өнеге.

Өмірде жұмысты оңайы жоқ. Ер істің өзіндік ерекшелігі бар. Бірақ, істеймін деген адамға, кез келген жұмыс қиынға соқпайды. Мәселен, көлік жүргізушісі алайық. Көлік жүргізіп көрмеген адамға бұл жұмыс оңай болып көрінеді, алайда шын мәнінде көлік жүргізу – ауыр жұмыстардың бірі. Осы ауыр жұмысты өмірінің жартысын арнағандардың бірі – Балғожин Смағұл Найманұлы. Ол жас кезінен көлік жүргізіп, түрлі басқармаларда қызмет еткен. Смағұл Найманұлы – 1954 жылдың 25 тамызында дүниеге келген. Тағдыр талқысына түскен атамның 4 жасынан өкесінен айырылады. Жастайынан еңбек етіп өскен Смағұл атамның 1975 жылы 21 жасында қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданына /бұрынғы Булаев ауданы/ көліп, көлік жүргізушісі болып жұмысқа кіреді. Туған жерінде еңбек етіп жүрген жерінен Жамбыл ауданына көшіріп, сол жерде де көлік жүргізушісі болады. Бірер жылдардан соң өз еліне оралып, колхоздың ыдырауына дейін қайтадан темір тұлпарды тізгіндеп, аябай еңбек етеді. 1978 жылдың аяғында 24 жасында өзінің өмірлік серігін жолықтырып, жастар отбасын құрады. 1979 жылы жас жұбайлар үлкен қуанышқа оранып, дүниеге Асыл есімді қыз, Азамат есімді ұлдары келеді. 1989 жылы Гүлбахрам есімді қыздары дүниеге келеді. Бүгінде Смағұл Найманұлының 6 бірдей тәрті немерелері бар. Балалары ер жетіп, бой жетіп, өз алдына шаңырақ иелері. Өмірін көлік жүргізушілікке арнаған Смағұл Найманұлы жұбайымен отасқанына 45 жыл жыл және қазіргі таңда олар немерелерінің қызықтарын көріп, бақытты да тату-тәрті өмір сүріп жатқан отбасыларының бірі.



Механизатор–ауыл шаруашылығындағы ең маңызды мамандықтардың бірі. Бұл қиын, бірақ асыл еңбектің бірі! Күндіз-түні, суықта, ыстықта да жұмыс жасау керек. Жұмысқа ерте шығып, қараңғы түскенде қайту. Көктемнен күзге дейін механизатор үшін ең қарбалас кезең. Көктемде жер жырту, тырмалау, егін егу, өңдеу, күзде шабу, бастыру, шөп, сабан жинау, кейіннен қайтадан жер жырту, техниканы жөндеу керек. Осындай еңбек мамандығын таңдаған еңбеккердің бірі – Айтқожин Бауыржан Кеңесұлы. Қысқаша өмірбаянына тоқтала кетсек, 1961 жылы 17 мамыр айында дүниеге келген. Бірінші еңбек жолын 1975 жылы колхозда балшық басудан бастайды. Көмелет жасқа толмағандықтан Красная крепость колхозының басқармасы жауапкершілікті өз мойнына алып, өкесінен рұқсат қағазын алады. 1979 жылы 8 сыныпты аяқтап, комбайншының көмекшісі болып жұмысқа кіреді. Біраз уақыты ауылда өтеді. 1976 жылы Қарақоғадғы АӨТУ -132 тракторист-машинист мамандығына оқуға түседі. Мамандығын толық аяқтамай, Белорус тракторында қызмет етеді. 1979 жылы Отан адындағы борышын өтеу үшін Германия еліне екі жыл бойы абыройлы қызмет атқарады. Дәрігер мамандығын армандаған жеткіншек, 1981 жылы оқуға түсер алдында «асқар таужын» өкесінің өмірден өткенін естиді. Өкесінен айырылған Бауыржан ағамыздың алдындағы мақсаты іні-қарындастарына қамқор болу еді, сондықтан ол өзінің ескі жұмысына қайта оралады. Қиын қыстау кезінде өзінің жұбайы Айман тәтемезді кездестіріп, 1982 отау құрады. Салтанат, Самал есімді қыздары, Шынтас есімді ұлы дүниеге келеді. Бірақ өмірдің тәртіті де, ащысы да болады, соның бірінде ағамыздың жан жары үлкен дертке шапылып, өмірден өтеді. Біраз жылдар өтіп ағамыз Бибігүл тәтемезді жолықтырып, екінші рет отбасын құрады. Қазіргі таңда тату-тәрті өмір сүріп, Шынтас, Алтынбек, Еламан, Асланбек есімді ұлдары, Салтанат, Самал есімді қыздарды тәрбиелеп, 3 немере мен 6 жиеннің қызығын көріп отырған жайы бар. «Ер дәулеті – еңбек» демекші Бауыржан ағамыз 2013 жылдан бастап, жаз мезгілінде Лебяжье ауылдағы «Станицада» ШҚ дөңкерлеушісі және тракторшысы қызметін атқарады, ал қыс мезгілінде мектепте пеш жағушы болып жұмыс істейді.



Жұлдыз ҚАЮПОВА, Құралай ауылының кітапханашысы.

МӘУЛІТ ҚАНДАЙ МЕРЕКЕ?



«Мәуліт» араб тіліндегі «үеләде» түбірінен туындаған сөз. Мағынасы «туылған жер, туылған уақыт, туған күн» дегенді білдіреді. Мұсылман жұртшылығы «мәуліт» сөзін Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) туған күні ұғымында қолданады. Ал Ислам тарихшыларының басым көпшілігі Пайғамбарымыздың (с.а.с.) туылған күнінің 571 жыл Рабиул-әууәл айының дүйсенбі күніне (571 жыл сәуір айына) сәйкес келгенін айтады. Соңғы жылдары Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бастамасымен елімізде ұмытылған діни құндылықтарымыздың бірі Пайғамбарымыздың (с.а.с.) туылған күнін атап өту қолға алынып, көптеген игі шаралар ұйымдастырылады.

Әнішше орай бүйректен сирақ шығаруға құмбыл тартып тұратын псевдо-сәләфилер осы жақсы дәстүрге де қарсы шығып, дін қызметкерлері мен дінге пейіл бұрған халқымызды адасушылықпен айыптауда. Сондықтан қысқаша мәулітті тойлаудың тарихына көз жүгіртіп өтсек. Әсілінде Адамзаттың асылы (с.а.с.) дүниеге келген Рабиул-әууәл – көктем айларының алғашқысы. Бұл қайта жанарудың белгісі. Пайғамбарымыздың көктемде дүниеге келуі бейнебір қыстан кейін адамзаттың қайта тіріліп көрсеткендігі.

Ислам тарихында Пайғамбарымыздың Меккедегі туылған үйін «Мәулидун-Наби» деп атаған. Сонау ерте замандардың өзінде қажылық пен ұмраны өтуге келгендер Пайғамбарымызға деген сүйіспеншіліктері мен сағыныштарының белгісі ретінде осы үйді зиярат ететін болған. Осыдан-ақ мұсылмандардың Алла елшісіне қатысты нәрсенің бәрін қадір тұтып, мәулітке де ерекше назар аударғанын көреміз. Тіпті келушілердің саны артқандықтан Аббаси халифасы Харун ар-Рашидтің анасы әл-Хайзурен (қайтыс болған жылы 790 ж.) Пайғамбарымыздың (с.а.с.) туылған үйін жөндеп, мешітке айналдырған. Сондықтан мәуліт мерекесі ретінде жиі 2-ғасырда атап өтіле бастаған дәстүр аяқталды емес. Ал мәулітті ресми түрде тойлау Фатимилер мемлекетінде Мүзл Линдінһаф билік басына келген кезеңнен (972 ж.) басталады.

Мәулітті атап өтудің негізінде Пайғамбарға деген сүйіспеншілік жатқаны мәлім. Алғашқы үш ғасырда (сахаба, табиғун, әбғату-табиғин) мәулітті ресми түрде тойлау әдеті болмаған. Дегенмен сахабалар кезеңінде жыл санауды белгілеуге қатысты айтылған ұсыныстардың ішінде Пайғамбарымыздың туылған күнінің де аталуы, сахабалар арасында осы күннің ерекше болғандығын көрсетсе керек. Негізінен, діни үкімдер Құран мен хадистен алынады. Ал мәулітті атап өтуге үзілді-кесілді тыйым салған аят немесе хадистің жоқ екені мәлім. Олай болса, мәулітті тойлау «бидғат, харам, адасушылық» деудің ешқандай шариғи негізі жоқ. Қайта, керісінше, ғалымдарымыз Құран аяттары мен хадистерден дәлел келтіре отырып, мәулітті атап өтуге болатындығына бір ауыздан келіскен.

Жоғарыда мәуліттің тарихына қысқаша тоқталып өттік. Жалпы алғанда, мәулітті ең алғаш тойлаған адамзаттың ардақты тұлғасы – хазірет Мұхаммедтің өзі десек, ақиқатты айналып өту болмайды. Өйткені Пайғамбарымыздан дүйсенбі күндері ұстайтын ораза жайлы сұралған кезде ол: «Бұл күні мен дүниеге келдім ері елші болып жіберілдім немесе бұл күні маған Құран түсті», – деп жауап берген. Пайғамбарымыз (с.а.с.) жылда бір рет емес, әр дүйсенбі сайын ораза ұстау арқылы туған күнін атап өткен.

Кей ғалымдар осыған сүйене отырып, мәулітті атап өтуді ең алғаш бастаған Пайғамбарымыздың өзі дейді. Мұсылман ғалымдары бұған қатысты көптеген дәлелдер келтіргендіктен, қысқаша мына бір-екі мәселені айта кетейік. Негізгі мәулітті атап өту әлеуметтік қажеттілік. Алғашқы үш ғасырда мәулітті ауқымды деңгейде неге тойламаған дегенге келсек, Пайғамбарымыздың нұрлы шауғын көріп ескен бақыт гасырында Пайғамбарымыздың туған күнін атап өтудің, пайғамбарымызды бір шара арқылы еске түсірудің қажеті жоқ еді. Еске түсіру, ең алдымен, ұмытқандарға немесе ұмыта бастағандар үшін қажет.

Сахаба Сағид ибн Әбу Уаккастың «Біз Пайғамбарымыздың өмірін балапаларымызға Құраннан сүре үйрететіндей үйрететін едік» дегеніндей, алғашқы ғасырларда Оның естеліктері халық жадында әлі сол жаңа күйінде жаңғырып тұрған-ды. Ал, атап өтіп, еске алу бір қажеттілікке ғана сепке байланысты жасалады. Қазіргі таңда қандай да бір мұсылман елі болмасын Хақ елшінің (с.а.с.) естеліне алып, жадында ол жайлы мәліметтері мен білдімдерін жаңғырту үлкен қажеттілік. Әрі халықтың бір жерге жиналып мәулітті атап өтуі Пайғамбарымызға деген сағынышты жаңғыртып, сүйіспеншіліктерін арттыра түседі.

Пайғамбарымызды (с.а.с.) еске алу – мұсылман қауымын Алла Тағалаға лайықты құл, Оның елшісіне ақыретте мақтан тұтарлық үмбет болдым ба деген ойға жетелеп, мұсылмандығына қайта көз тастауына сеп болары сөзсіз. Мұсылмандардың осындай игі мақсат үшін бір жерге жиналуы араларындағы бауырластықтың күшеюіне де жол ашады. Адамзат баласын жақсылыққа шақыратын мұндай іс-шараның

пайдалы екені, ал әрбір пайдалы да сауапты іс-әрекетті ислам дінінің қолдайтыны баршамызға мәлім. Негізінен мәулітті атап өтудің түрлі қайырымдылық шаралардың өтуіне себеп болумен қатар, халықтың жүрегінеде Пайғамбарымызға деген сүйіспеншілікті жаңғыртуға да қосар үлесі мол.

Мәулітті атап өту – Расулалланы күллі ғаламға рақым ретінде жібергені үшін Аллаға шүкіршіліктің де бір белгісі. Мәулітті тойлауға болатындығын білдіретін дәлелдердің бірі – мәуліт көштеріне оқылатын мәуліт жырлары. Ал оның негізі алтын ғасырдағы, яғни Пайғамбарымыз бен сахабалар кезіндегі қасидаларға барып тіреледі. Ардақты пайғамбарымыз (с.а.с.) өзін мақтап, мадақ айтқан ақындарға қарсы шықпаған. Тіпті оларға ризашылығын білдіріп, сый-сыяпат беріп отырған. Мысалы, Қағыб ибн Зухейр «Бәнет сузд» деп аталатын өлеңін Пайғамбарымызға оқығанда ол ерекше толқып, үстіндегі «бурда» деп аталатын шапанын шешіп Зухейрдің мығына жапқан еді. Осыған орай әлгі өлең «Қасидат-ул-бурда» деген атпен танымал болып, кейінгі Пайғамбарымызға арнап өлең жазғандарға әсер еткен.

Алтын ғасырда Пайғамбарымызды мадақтаған өлеңдердің арасында әлі күнге дейін мұсылмандардың арасында кең тараған, сүйіспеншілікке толы туындаы – «Тәләл-Бедру әлейһе» деп аталатын өлең-жыр. Міне мұсылмандар арасында мәуліт оқыту алтын ғасырдағы «шаурун-наби», яғни Пайғамбар ақындары деп аталған Қағыб ибн Зухейр, Хассан ибн Сабит, Абдулла ибн Рәуэхалардың Пайғамбарымызды мадақтауы өрі Пайғамбарымыздың оларға қарсылық білдірмеуімен үйлесуде. Араб әдебиетінде бұл жанр хижра жыл санағы бойынша IV ғасырда шыңына жеткен. Классикалық парсы әдебиетінде болса Хакім Сенәйи, Низами, Фариуддин Аттар, Ширази, Әмір Хусрау-и Дихлауи және Молда Жами осы жанрда өте жарқын шығармаларын жазған. Өз кезегінде исламды жүрек қалауымен қабылдап, оны өмір салтына айналырған мұсылман-түркі халықтарында да Пайғамбарға (с.а.с.) сүйіспеншіліктің орны ерекше. Бұның жарқын көрінісі ретінде мұсылман-түркі әдебиетінде Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) байланысты туындаған әдебиет жанрларын атауға болады.

Бұл әдеби шығармалар «Әсма-и-наби» (Әз-Пайғамбардың есімдері), «Сира» (Пайғамбардың өмірбаяны), «Мәулид», «Мираж-нама», «Мугжиза-и-наби» (Пайғамбардың мұжжизалары), «Ғазауат-ы-наби» (Пайғамбар қатысқан соғыстар), «Шапағат-нама», «Қырық хадис», «Жүз хадис», «Мың хадис» сияқты тақырыптар төңірегінде әрбір адамды. Түркі халықтарының Пайғамбарға (с.а.с.) сүйіспеншілігі мен құрмет-ізетінен туындаған әдебиет түрлерінің бірі – нағыз жанрлар. Нағыз (арабша – на’т) – бір адамды бойындағы ерекшеліктері мен қасиеттерін мадақтай отырып, сипаттау деген мағынаны білдіреді. Діни әдебиеттегі терминдік мағынасы – әзірет Мұхаммедті (с.а.с.) мадақтау, мақтау мақсатымен жазылған әдеби шығармалардың жалпылама атауы. Бұл жерде ескерте кететін бір жәйт, Әз. Пайғамбардың тұсындағы адамдарға арналған жырлар мадақ жырлары деп аталып жатса, тек қана Әз. Пайғамбарға арналған мадақ жырлары «нағыз» (на’т) деген атқа ие болған.

Түркі халықтарындағы бұл жанр бастауын араб әдебиетінен алады. Әз. Мұхаммедтің көзі тірісінде оған арнап мадақ жырлары жазылғандығын жоғарыда атап өткен едік. Тіпті осы нағыз сипатындағы алғашқы өлеңнің ол дүниеге келмей тұрып 7 ғасыр бұрын жазылуы да бұрын-соңды болмаған нәрсе. Йамаһ патшасы Әбу Кәріб әл-Химарисол кезегі ғалымдардан Іхлән мен Теуратта сөзге пайғамбар Әз. Мұхаммедтің (с.а.с.) келетіндігі жайлы жазылғанын естіп, оған мадақ жырын арнаған. Осы пайғамбардың Алланың елшісі екенін, оның кезегіне дейін өмір сүрсе, оған мойын ұнататынын жазып өткен. Кейіннен сахаба Әбу Айиуб әл-Әнсаридің қолына келіп

жеткен осы хат Әз. Пайғамбарға ұсынылған. Бұл оқиғаны қазақ ақыны Шәді Жәңгірұлы да «Назым сияр шариф» атты кітабының «Табим Хамри оқиғасы» деген бөлімінде қазақ тілінде әсем баяндаған.

Ислам дінін ертеден қабылдаған Қазақ халқы оның жеткізуші пайғамбарын да тануға тырысты. Ислам діні қазақ даласында әл-Фараби, Иассауи, Баласағұни, Бақырғани, Іүгнәки, Хайдар Дулати секілді даналардың кезегінде нағыз гүлденген дәуірін бастан көшірді. Халқымыздың бұл даналары өз шығармаларын Құран, хадис және ислам мотивтерімен көркемдеп безендірді. Қазақ әдебиетінің алғашқы мұраларына көз жүгіртсе болсақ, Әз. Пайғамбарға алғаш мадақ жырын жазған күллі мұсылман-түркі халықтарына ортақ Жүсіп Баласағұн екенін көреміз. Мұсылман-түркі әдебиетінің алғашқы үлгісі болып саналатын «Құтадғү білік» атты кітабы арқылы ол Әз. Мұхаммедті халқына танытып, сыйдыруды мақсат тұтқан.

Шығармасын түсінікті болуы үшін жергілікті халықтың тілінде жазған Баласағұн әзірет Пайғамбардың мінезін көркемдігін, адамзатқа жіберілген шырақ екендігін және үмбетіне деген сүйіспеншілігін айта келе, Пайғамбардың жолының есепсіздігіне жеткізетін тілге тиек етеді. Ол Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарды былай мадақ етеді: Рахымды ием, пайғамбарын жіберді Кісі ізгісі, ел сарасы жігерлі.

Түнек түнде шамы болды халықтың, Саған, жұртқа нұрын шашты ол жарықтың! Ол құдайдың елшісі, ермі, білгейсін! Сен, сонда соң, тура жолға кіргенсің! Әз. Мұхаммедтің (с.а.с.) күллі әлемге үлгі-өнеге болатын мінез-құлқын былай деп жырлайды:

Елге деген рахымы ол құдайдың, Қылығы хош, құлқы түзу, шырайлы. Жібек мінез, ақылды, аппақ пейілді, Жаны жомарт, қолы ашық, мейрлі. Қара жерде, жасыл көкте өзіз-ді, Оған құрмет берді тәңір жаны ізгі. Бастаулардың басы еді, ондысы, Болды, кейін, пайғамбардың соңғысы!

Жүсіп Баласағұн Әз. Пайғамбардың «Расулупла» (Алланың елшісі), «Хабибулла» (Алланың сүйікті құлы), «Хатемул-әнбия» (пайғамбарлардың соңғысы) деген сипаттарын халыққа өлең жолдарымен шебер тілде жеткізеді. Әз. Мұхаммедке арналған шығармалардың бәрінен ең басты мақсаты авторлардың пайғамбарға деген сүйіспеншіліктерін паш етуі, халықты сусындату болса, қосалқы мақсатында осы еңбектері арқылы Алланың ырзашылығына бөлену мен Әзі. Пайғамбардың шапағатынан үлес алу ниеті жатқандығы анық.

Міне осындай ниетін Жүсіп Баласағұн жеткізді былай білдіреді: Пейіл бұрдым енді оның жолына Сүйдім сөзін, сендім ділі оңына. Ілең! Менің көңілімді күзеткін, Қияметте пайғамбермен біртүтін! Қияметте көрсет толық жүзінді, Қолымнан демеп, раббым, өткіз өзімді! Ақынның бұл өлең шумақтарынан Пайғамбарымызға деген ыстық ақыл-пен терең сүйіспеншілікті көруге болады.

«Пейіл бұрдым енді оның жолына» деп Алла елшінің (с.ғ.) жолы адамдарды бақытқа жетелейтін, «Сүйдім сөзін, сендім ділі оңына» дей отырып, Пайғамбарымыздың (с.ғ.) хадистері мен сүннетін ұстануды халыққа уағыздайды.

Жалпы мұсылман авторлар кез-келген шығармасын жазған кезде «хамдәл» (Аллаға мадақ) және «саләуә» (Пайғамбарға салауат) айтып оны мадақ етіп бастап, одан кейін барып негізгі тақырыптарына көшкен. Осылайша «хамдәл» мен «саләуә» мұсылман мәдениетінің символына айналып кеткен.

XII ғасыр қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Ахмет Іүгнәки де осы дәстүрді ұстанып, «Ақиқат сыйы» атты кітабының «саләуә» бөлімінде хазірет Мұхаммедке деген сүйіспеншілігін былай жеткізеді: «Ақыл-ойыңа салып, сөзімді анда. Ол (Мұхаммед) – тұмысынан игі, адамдардың бақыттысы. (Бүкіл) жаратылғандардың ішінде оған тең келетін (ешкім) жоқ, (Өзге) пайғамбарлар жарқын жүз (сияқты) болса, Бұл – ол жүзге (жарасып тұрған) көз. Яки олар – қызыл

(шырайлы) бет, ал ол бетке (көрік беретін) мен. Оны мадақтағанда тілімің дәмі кіреді. Оны еске алғанда шекер мен бал (жегендей болады). Бүгін менен сәлем жетсін, ол ертең Қол ұшын берушіме қам жегізісін».

Одан кейінгі дәуірде жалпы түркі халықтары, әсіресе қазақ даласында Исламның таралып, жүрек төрінен орын алуға сүбелі үлес қосқан Ахмет Иассауи бабамыздың «Диуани хикмет» атты шығармасы бейнебір мадақ жырғы іспетті. Әрбір парағында әзірет Мұхаммедке (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм) деген терең махаббатты көруге болады. Ол Адамзаттың асылы: «Нұр-ы Худа (Алланың нұры), дост-ы Худа (Алланың досы), дұруд-ы Худа (Алланың дұғасы, мақтауы, сәлемі), уирд-і Худа (Алланың зікірі), сәйдул-мурсәлин (пайғамбарлардың мырзасы), хазәмүл-әнбия (пайғамбарлардың соңғысы), рахмәтән лил-әлемін (әлемдерге рақым), фахры алам (әлемнің мақтанышы), туба-и қабу қаусәйн (қау қаусәйн туба ағашы), қамару бағы көүнәйн (көүнәйн бақшасының аялы), һәди әл-мудиллин (адамдарға жол көрсетушісі), мұқадамә әнбия (пайғамбарлардың алдыңғысы), хабибы Халық (Жаратушының сүйіктісі), хуласа-и халаяық (жаратылғандардың негізі), асылы усуды алам (әлемнің асылы)» деп керемет сипаттайды.

Бертің келе қазақ даласында ислам дінінің орныққан шағында Қазақ әдебиетінде Абай атамыз бастаған көштің де жоғарыда аталған бабаларымыздың Әз. Пайғамбарға деген сүйіспеншілік дариасына шомылып, солардың сара жолымен жүріп, дәстүрін жалғастырағандығын көреміз. Қазақтың қамын жел, қоғын жоқтаған ұлы Абай, халқының өз дәуіріндегі мәдени дамудан жырақ қалмауы үшін білім мен ғылымды уағыздады. Сонымен бірге заманауи ағымға сай өз дәстүрі мен дінін сақтап қалудың маңызын терең түсінген ойшыл.

«Алла мінсіз, әуелден пайғамбар хақ, Мұмін болсаң үйреніп, сен де ұқсап бақ» немесе «Алланың, пайғамбардың жолындамыз» деп, хақ Пайғамбардан үлгі алуды насихаттайды. «Сен де ұқсап бақ» деу арқылы Пайғамбарымыздың бойындағы адамдық асыл қасиеттерді нұсқауда. Бұл да болса Абайдың әзірет Пайғамбарды жете танып, сүйе білгендігін айқын көрсеткіші.

Абай Құнанбаев, өзінің ақылға толы «Қара сөздерін» әзірет Мұхаммедтің хадистерімен көркемдей білген. «Шапағат шамшырағы – әзірет Мұхаммед» атты кітабымызда бұған қатысты көптеген мысалдар бергендіктен бәрін айтып жатпай-ақ, Кеңес одағының жасаған қаншама қысығана, құдалауына қарамастан халықтың жүрегінен өшпеген Пайғамбарға деген сүйіспеншілікті паш еткен Мұхағали ақынның:

Сатпаймын, сатқан емен дінімді мен, Өлмейтін, өшпейтүгін күнін білем. Тәптайтын күнде тыным, түнде тыным Мұсылман Мұхаммедтің үмбетін. Мұхаммедтің үмбеті мұсылманмын Пайғамбарым қолдайды қысылған күн. Алсын Тағалам ант етем, ант етемін Алла есімін есімінен шығарған күн, – деген өлең шумақтарымен сөздерімізді түйіндей кетейік. Мәуліт айы күллі ғаламға рақым ретінде жіберілген, өмір бойы «үмбетім, үмбетім» деп өткен сүйікті елшінің дүние есігін айқара ашып, адамзатқа шуақ сыйлаған айы.

Бұл айда Пайғамбарымызға көбірек салауат айтып, сәлем жолдаудың берер пайдасы шаш етекпен. Пайғамбарымызға (с.а.с.) салауат айтып, сәлем жолдауға қатысты Құранда «Ахзаб» сүресінің 36-аятында Алла Тағала: «Шынында да Алла мен Оның періштелері Пайғамбарға салауат жолдайды. Әй, иман келтіргендер, сендерде оған шын жүректен салауат айтып, сәлем жолдаңдар!» деп бұйырады.

Пайғамбарымыз да өзіне салауат айтуды маңыздылығын: «Қиямет күнінде маған ең жақын болатын кісі – ең көп салауат айтқан адам» деп білдерген. Міне осындай діни тағылымдарды жақсы білген халқымыз мәулітті Пайғамбарға деген сүйіспеншіліктерін жеткізудің таптырмас мүмкіндігі деп білген. Жалпы, қоғамдық ақыл-ойға ықпал еткен ақындар өз кезегінде халықтың жүрек үніне аудармасы болған.

Қазақ халқының Пайғамбарға (с.а.с.) сүйіспеншілігі мен құрметін халық ауыз әдебиетінен де көруге болады. Мақал-мәтелдерде хадистердің қолданылуы көптеген әдет-ғұрыптардың Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннетінен туындағанын айғағы. Әзірет Пайғамбардың (с.а.с.) атының баталарда қосылып айтылуы осы сүйіспеншіліктің белгісі.

Тіпті, халқымызда Мұхаммед, Ахмет, Мұстафа, Нұрмұхаммед, Махмуд, Махамбет, Мәмет, Мұқаш, Мұқағали (Мұхаммед-Әли) т.б. сияқты есімдердің көптеп кездесіп жатуы – сөбілерін адамзаттың ардақтысы, Алланың сүйікті құлы әзірет Мұхаммедке (с.а.с.) ұқсасын, соның жолымен жүріп, ақыретте шапағатынан үлес алсын деген арманнан туындаған жүректің пәк тілегінің айқын көрінісі екені айдан анық.

Материал «Қазақ салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарының ислам шариғатымен үйлесімі» кітабынан алынды.



Дүйсенбі, 2 қазан	Сейсенбі, 3 қазан	Сәрсенбі, 4 қазан	Бейсенбі, 5 қазан	Жұма, 6 қазан	Сенбі, 7 қазан	Жексенбі, 8 қазан
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНҰРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 02.20 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 TANSNOLPAN. 10.00, 13.00, 17.00, 20.00 AQPARAT. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 11.00, 19.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТИ». 13.10 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.20 АЛТЫН ҚАҚПА. 15.10 АРТА. 16.05 AQORDA. 16.15, 03.40 АУЫЛДАСТАР. 17.10 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 20.35, 02.50 ASHYQ ALAN. 21.30 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 23.30 1001 ТҮН. 23.30 1001 ТҮН. 01.15 САНА.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 03.00 AQPARAT. 07.00 TANSNOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 11.00, 19.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00, 21.30 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 13.10 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.20 АЛТЫН ҚАҚПА. 15.10 ДАЛА ДӘМІ. 15.45 КҮМІС КӨМЕЙ. 16.20 АУЫЛДАСТАР. 17.10 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 20.35 ASHYQ ALAN. 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 23.30 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ. 03.35 САНА.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 03.00 AQPARAT. 07.00 TANSNOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 11.00, 19.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00, 21.30 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 13.10 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.20 АЛТЫН ҚАҚПА. 15.10 ДАЛА ДӘМІ. 15.30, 04.40 Д/Ф. 16.15 АУЫЛДАСТАР. 17.10 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 20.35 ASHYQ ALAN. 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 23.30 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ. 03.35 САНА.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 03.00 AQPARAT. 07.00 TANSNOLPAN. 10.10 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 11.00, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00, 21.30 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 13.10 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.20 АЛТЫН ҚАҚПА. 15.10, 05.25 ҰСТАЗ-ҰЛЫ ЕСІМ. 15.40 БІРЕГЕЙ. 16.30 АУЫЛДАСТАР. 17.10 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 20.35, 04.35 ASHYQ ALAN. 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 23.30 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ. 03.35 САНА.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05, 03.40 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT. 07.00 TANSNOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00, 21.30 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 13.10 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.20 АЛТЫН ҚАҚПА. 15.10, 01.10 ГАУҺАРТАС. 16.20 АУЫЛДАСТАР. 17.10 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 20.35, 02.20 ASHYQ ALAN. 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 23.30 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 00.00, 03.10 PARASAT MAIDANY.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 20.00, 01.40 AQPARAT. 07.05, 03.55 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.45, 03.20 ШАҒЫРАҚ СОФИЯ». 08.20 М/Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 09.00, 02.30 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.10, 20.30 «QAZAQSTAN ДАУЫСЫ». 14.45, 02.10 ДАЛА ДӘМІ. 15.10 БҮРКІТ ПЕН АШАНЫҢ КОНЦЕРТІ. 16.30 М/Ф. 20.20, 02.00 AQORDA. 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 23.30 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 04.30 АУЫЛДАСТАР.	06.00 Әнұран. 06.05 Жәдігер. 06.30 AQPARAT. 06.55, 03.25 Күміс көмей. 07.35 «Дюір даналары», д/ф. 08.20 AQSAYYT. 08.45 Көңіл толқыны. 09.20 М/ф «Сүйкімді София». 10.00, 18.00 Т/х «Қилы күндер». 12.00 «Qazaqstan дауысы». 14.30 М/ф «Ағайынды аюлар» 16.00 «MERGENDER MEKENI».Триптеу кезеңі. 01.00Түсік аймақ. 16.50 «Сағандыран әндер- ай». 17.25, 02.50 Әйел әлемі. 20.00, 02.00 Арта. 20.50 Ақбота Керімбекованың концерті. 22.30 Т/х «Қызғалдақ мұңы». 00.30 Т/х «Сезім толқыны».

Дүйсенбі, 2 қазан	Сейсенбі, 3 қазан	Сәрсенбі, 4 қазан	Бейсенбі, 5 қазан	Жұма, 6 қазан	Сенбі, 7 қазан	Жексенбі, 8 қазан
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 МЕҒАХИТ. «ГАМБИТ». 07.00 ОЯН. 10.00 МЕКТЕП. 10.30 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАLINE. 15.00, 22.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 16.00, 00.00 Т/С «НЕБЕСА ПОДОЖДУТ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00 Т/С «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 10.00 ШКОЛА. 10.30 М/Ф. 11.50 М/Ф «ДЕСЯТЬ ДРУЗЕЙ КРОЛИКА». 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАLINE. 15.00, 22.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 16.00, 00.00 Т/С «НЕБЕСА ПОДОЖДУТ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00 Т/С «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 10.00 БІЗГЕ ХАБАРЛАСҚАН. 10.30 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАLINE. 15.00, 22.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 16.00, 00.00 Т/С «ХОЛОДНЫЕ БЕРЕГА». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00 Т/С «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 10.00 В ФОКУСЕ. 10.25 М/Ф «ДЕСЯТЬ ДРУЗЕЙ КРОЛИКА». 10.55 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАLINE. 15.00, 22.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 16.00, 00.00 Т/С «ХОЛОДНЫЕ БЕРЕГА». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00 Т/С «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 10.00 МЕНІҢ ӨМІРІМ. 10.30 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 АЙНАLINE. 15.00, 22.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 16.00 Т/С «ХОЛОДНЫЕ БЕРЕГА». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 МЕҒАХИТ. «БЕЗ ИЗЪЯНА». 01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ҚАРАҚАТПЕН ШАЙ. 08.00 КОНЦЕРТ. 09.15 Д/Ф. 10.00 МЕҒАХИТ. «БЕЗ ИЗЪЯНА». 12.00 М/Ф. 13.15 М/Ф «АЛИСА И ЛЬЮИС». 14.00 COVER SHOW. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 18.15 АЛҒАШҚЫ. 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ. 22.15 МЕҒАХИТ. «РАЗУМНОЕ СОМНЕНИЕ». 00.15 ХАБАР СПОРТ. 01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.30 ҚАРАҚАТПЕН ШАЙ. 08.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 09.00 ОЯНАН ӨЛКЕ. 10.00 «А ВОТ И ОНА», Х/Ф. 12.00 М/Ф. 13.30 М/Ф «АЛИСА И ЛЬЮИС». 14.00 COVER SHOW. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 18.15 АЛҒАШҚЫ. 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ. 22.15 МЕҒАХИТ. «РАЗУМНОЕ СОМНЕНИЕ». 00.15 ХАБАР СПОРТ. 01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

Дүйсенбі, 2 қазан	Сейсенбі, 3 қазан	Сәрсенбі, 4 қазан	Бейсенбі, 5 қазан	Жұма, 6 қазан	Сенбі, 7 қазан	Жексенбі, 8 қазан
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 Т/Х «ТЕРРА НОВА». 07.00, 04.10 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 14.10, 02.45 НОВОСТИ. 14.20, 02.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЧИНГАНГУК». 01.00 Т/С «СПРОСИ МАРТУ». 02.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 Т/Х «ТЕРРА НОВА». 07.00, 04.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.05, 00.45 Т/С «СПРОСИ МАРТУ». 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.50 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «АЛЕКС ЛЮТЫЙ. ДЕЛО ЩУЛЫЦА». 01.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 Т/Х «ТЕРРА НОВА». 07.00, 04.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.05, 00.45 Т/С «СПРОСИ МАРТУ». 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.50 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «АЛЕКС ЛЮТЫЙ. ДЕЛО ЩУЛЫЦА». 01.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 Т/Х «МИНИАТЮРИСТ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.05, 00.45 Т/С «СПРОСИ МАРТУ». 14.10, 02.30 НОВОСТИ. 14.20, 02.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.50 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «АЛЕКС ЛЮТЫЙ. ДЕЛО ЩУЛЫЦА». 01.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 04.00 «П@УТИНА».	07.00, 03.40 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.05 Т/С «СПРОСИ МАРТУ». 14.10, 02.10 НОВОСТИ. 14.20, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.30 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «ТЕЛОХРАНИТЕЛЬ».	06.00 ТОЙ БАЗАР. 08.05, 03.00 «П@УТИНА». 09.10 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.00 «ТЕЛОХРАНИТЕЛЬ», Х/Ф. 14.30 QOSLIKE. 17.15 DASTARHAN. 18.30 АЙНА. 19.00 «КОГДА МЕНЯ ПОЛЮБИШЬ ТЫ», Х/Ф. 21.10 «ЧУЖОЙ ГРЕХ», Х/Ф. 01.10 Т/С «ПАРТНЕРЫ ПО ПРЕСТУПЛЕНИЮ».	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.30, 04.05 «П@УТИНА». 08.30 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.45 ПОЕХАЛИ! 09.40 ОАЙМАҚ. 10.15 «ЗАБЫТЫЙ АНГЕЛ», Х/Ф. 14.40 «ЧУЖОЙ ГРЕХ», Х/Ф. 18.40 ӨҒУТАЙ. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «ДВА СЕРДЦА», Х/Ф. 01.10 ЧТО? ГДЕ? КОГДА? 02.15 Т/Х «ПАРТНЕРЫ ПО ПРЕСТУПЛЕНИЮ».

Мәдениеті жоқ ел — әскері жоқ патша-
мен тең. Мәдениеті жоқ елдің қазынасы
азайып, қайыршысы көбейері менсін де
мәлім.
Кеңіл тазалығы мен адалдық — нағыз
мәдениетті жаңға тән қасиет.
Ханбибі ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Қыркүйек айының 23-ші жұлдызында өмірге келген аяулы қызым Ескендірова Құралай Дәулетжанқызын туған күнімен құттықтаймын. Ардақтыма өмірдің бар жақсылығын тілей отыра, жүректен шыққан өлең шумақтарын жолдаймын:

23-ші қыркүйек туған күнің,
Алланың өзі берді сендей гүлдің.
Табысты еңбек етіп ерқашан,
Абыроймен атқарып жүр ел үмітін.
Еркелетіп өсірдім жастайыңнан,
Әр уақытта иіскедім маңдайыңнан.
Жергігінен өсірген құлыншағым,
Өлең жаздым өзіне сағынғаннан.
Ағарып ата берсін әрбір таңың,
Еркелеп өсе берсің Аянатың.
Өмірдің бар жақсылығын мен тілеймін,
Қызықпен өте берсін жастық шағың.
Өмірдің ұзақтығын Алла берсін,
Періштелер бір өзінді қолдап жүрсін.
Құралай қызым жанұяда бақытты бол,
Аянат өсе берсің өміріңнің қуанышы бол.

Ақ тіпекпен: асқар тау өкең Дәулет.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ЖЕКЕ БАСЫН
КУӘЛАНДЫРАТЫН АЛҒАШҚЫ
ҚҰЖАТ АЛДЫ

2023 жылдың 22 қыркүйегінде ауданның полиция бөліміне Бәйтерек ауылының тұрғыны М.Жұмабаев АПБ басшылығына және көші-қон қызмет тобының инспекторларына өзінің жеке басын куәландыратын алғашқы құжатты алуға құқықтық көмек көрсеткені үшін алғыс сөздерім жүгінді. 1953 жылы туған Бәйтерек ауылының тұрғыны 1993 жылы Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келді. Қолында 1997 жылы жоғалған және осы уақытқа дейін оның жеке басын куәландыратын құжаттарсыз өмір сүрген 1974 жылғы үлгідегі паспорт болды, бұл оған уақтылы медициналық көмекке, мемлекеттік қызметтерді алуға, оның ішінде зейнетақы төлемдерін есептеуге жүгінуге мүмкіндік бермеді.

Күрметті Мағжан Жұмабаев ауданның жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ



тұрғындары мен қонақтары! Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімі, Сізді М.Жұмабаев ауданының көші-қон қызметіне жеке басын куәландыратын құжаттарды рәсімдеу бойынша құқықтық көмек алу үшін жүгінуге шақырады.

Мекен-жайы: СҚО, М.Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 52 үй, 20 қаб.

Анықтама телефоны: 2-00-35.

Максим СМОЛЕКОВ,
Мағжан Жұмабаев ауданы
полиция бөлімінің көші-қон
жөніндегі аға инспекторы, аға
лейтенанты.

ҚҰЖАТТАРДЫ РӘСІМДЕУ
КЕЗІНДЕ АЗАМАТТАРДАН
САУСАҚ ІЗІ АЛЫНАДЫ

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап паспорт пен жеке куәлікті рәсімдеу кезінде азаматтардан саусақ ізі алынады. Бұл туралы Ішкі істер министрлігінде өткен брифинг барысында Көші-қон қызметі комитетінің аға инспекторы Нұржан Жанабаев айтты.



Дактилоскопиялық тіркеу – бұл саусақтардың папиллярлық үлгілерінің құрылымдық ерекшеліктері туралы ақпарат алу.

«Міндетті дактелоскопиялық тіркеу елімізде 2024 жылдың 1 қаңтарынан басталады. 12 жасқа

дейінгі балалардан басқа, ҚР барлық азаматы мен Қазақстанда тұрақты тұратын шетелдіктер дактелоскопиялық тіркеуге жатады. 12 жастан 16 жасқа дейінгі балалар дактелоскопиялық тіркеуден ерікті негізде өтеді. Саусақ іздерін алу Халыққа қызмет көрсету орталықтарында жеке куәлікті, паспортты, шетелдіктің елде тұруға ықтиярхатты және азаматтығы жоқ адамның куәлікті рәсімдеуі кезінде жүргізілетін болады, деді спикер.

Нұржан Жанабаевтың айтуынша, саусақ іздерін алу процесінен бас тартқаны жағдайда азаматқа Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 443-1-бабына сәйкес жаза қолданылады.

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА
ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ НОТАРИАЛДЫ
КУӘЛАНДЫРЫЛҒАН КЕЛІСІМІН
РӘСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ

Енді ерлі-зайыптылардың нотариалды куәландырылған келісімін «eGov mobile қосымшасында онлайн түрде рәсімдеуге болады. ҚР Әділет министрлігінің, республикалық нотариаттық палатаның және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ ақпараттық жүйелері арасындағы интеграция азаматтарға нотариусқа бармай-ақ нотариат куәландырылған құжаттарды бірнеше минут ішінде куәландыруға мүмкіндік береді.

«eGov mobile» қосымшасының «eNotary» қызметінде ерлі-зайыптылардың келісімін талап ететін құжаттарды рәсімдеудің қосымша опциясы пайда болды. Келісім онлайн режимінде биометриялық тексеруден өту арқылы жасалады, содан кейін нотариус клиенттің деректерін тексереді, одан кейін келісімді растағаннан кейін нотариалды куәландырылған құжат жасалады. «Өздеріңіз білетіндей, ағымдағы жылдың сәуір айында eGov mobile» қосымшасында «eNotary» қызметі іске қосылды және бүгінде ол қазақстандықтар арасында танымал. Азаматтардың осы қызметті пайдалана отырып, әлемнің көз келген нүктесінен қажетті құжатты куәландыруға мүмкіндігі бар. Бұл қызмет ыңғайлы, өйткені құжаттарды рәсімдеу үшін нотариусты іздеп, оған барудың қажеті жоқ. Енді ерлі-зайыптылардың келісімін бірнеше минут ішінде онлайн режимінде алуға болады», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Ростислав Коняшкин.

Ерлі-зайыптылардың келісімін алу үшін:

- eGov Mobile қосымшасында авторизациядан өту;
- басты бетте «eNotary» қызметін ашу;
- тізімнен әрекет түрін таңдау - «келісім»;
- өтініш формасын толтыру және биометриялық тексеруден өту;
- бейнеқоңырау арқылы жұбайының келісімін алу;
- нотариалдық қызметке ақы төлеу қажет.

Бейнеқоңырау аяқталғаннан кейін пайдаланушы «Нотариаттық іс-әрекеттер» бөлімінде өтініштің мәртебесін көре алады. EGov Mobile қосымшасының «Цифрлық құжаттар» бөліміндегі QR кодты сканерлеу арқылы бейнекамераның көмегімен ресми куәландырылған сенімхаттың түпнұсқалығын тексеруге болады.

Жаңа сенімхат «Цифрлық құжаттар» сервисінде қолжетімді болады және оны талап ету орны бойынша ұсынуға болады.

Динара МӘЖІТОВА.

С ЖЕЛПІК ПОЛИЦИЯ ХАБАРЛАЙДЫ

«ЖАСӨСПІРІМ» ЖЕДЕЛ
ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ

Петропавл станциясындағы ЖПБ қызмет атқаратын уақытта 2023 жылдың қыркүйек айының 22-24 аралығында «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде.

Іс-шараның мақсаты: көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын-алу. Шара барысында неғұрлым криминогендік участкелер тексеріледі, көмелетке толмағандардың алкоголь және темекі өнімдерін өткізу фактілерін, ұсақ құқық бұзушылықтар мен тәртіпсіздіктерді анықтауға және жолын кесуге ерекше көңіл бөлінеді, сонымен бірге түнгі уақытта көмелетке толмағандардың заңды өкілінің қатысуынсыз үйден тыс жерлерде жүруі, мектепке бармай, оқудан қашып, қаңғыбастықпен айналысатындарды анықтау болып келеді.

Бүгін, «Жасөспірім» ЖПШ бірінші күні жергілікті уақыт шамамен 11 сағат 15 минут кеткенде Петропавл станциясындағы темір жол вокзалында ұқыпсыз, кір киінген 14 жасар көмелетке толмаған жасөспірімнен сабақ уақытында темір жол вокзалында не



ОПМ «ПОДРОСТОК»

"ЖАСӨСПІРІМ" ЖПШ

істеп жүрсін деген сұраққа, ата-анасына ренжіп үйден кетіп қалғаны жайында, мектепке барғысы келмейтін жайында белгілі болды. Әкімшілік полиция бөлімшесінің құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша инспекторы полиция аға лейтенанты Жанар Тоқтағұловамен материал рәсімделді және көмелетке толмаған жасөспірімді көмелетке толмағандарды 3 айға бейімдеу орталығына орналастырды.

2023 ЖЫЛДЫҢ 4-ШІ ТОҚСАНЫНДА
АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының төрағасы - Рахметова Айзада Нұрланқызы апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 11:00-13:00-ге дейін қабылдау жүргізеді, мекен жайы: Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56. Тел: 8(71531) 2-16-03.

Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округінің әкімі - Исмагамбетова Гүлмира Бейсембайқызы әр аптаның сәрсенбісі күні сағат 9:00-ден 13:00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Бәйтерек ауылы, тел. 27-5-33.

Мағжан Жұмабаев ауданы Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі - Қасенов Жаслан Серікұлы жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Ұзынкөл ауылы, тел. 5-26-16.

Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округінің әкімі - Ветер Гүлнар Хасенқызы әр аптаның сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Таман ауылы, тел. 5-28-90, 5-29-31.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексіне сәйкес қатқам ауа жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефоны бойынша ақпараттандыру қажет:

«Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының аппараты» КММ - 8(71531) 2-16-03.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-75-33.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Ұзынкөл ауылдық

округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 5-26-16.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 5-28-90, 5-29-31.

Директор - бас редактор
Нелі ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Весты» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік
Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,
Булаев қаласы, Батыр Баия көшесі, 13 үй.

Тел: 2-17-49.

Баспахананың индексі 65360

e-mail: magzhan.zhuldziz@yandex.kz

Газет аптасына
1 рет бейсенбі күні
шығады

«Magjan juldizy» газеті
редакцияда тегініз беттеді.
«Северный Казахстан»
баспаханасында басылды.
(Петропавл қ., Коммуна к-сі, 5 үй).
Тарамамы - 650

Газет аудан әкімінің, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
тығарылады және газеттер арқылы
мемлекеттік ақпараттық саясатты
жүргізуді рәсім басқармасы болып
тығарылады.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне 2018 жылғы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-Г куәлігін алған. Жарнағанын маңызуға мен мәлімдік жарнама беруші жауапты. Жарнағанын қосымша авторларының пікірлері редакция қолқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мәніне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.